



САЙЛАУ-2015: ЕЛДІК ЖЕҢІСІНІҢ ХРОНИКАСЫ



Үстіміздегі жылғы 26 сәуір күні өтіп, бұқіл Қазақстан халқының ортақ женісі мен жетістігі ретінде бағаланып отырған Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы 29 сәуір күні керуен керген Мемлекет басшысын ұлықтау ресімімен бірге өзінің толық мәресіне жетті. Ол ақпанның 14-і күні алғаш рет Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің отырысында кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы ұсыныс көтерілген уақыттан бергі қысқа аралықта біздің еліміздің елдігі мен ертенге қол созған міндеп-межелерінің өрісі мен өресін таныта алатын айтулы жолдардың жондарымен жүріп өтті. Бұл аралық біздің барша ұлттар мен ұлыстарының бірлігі жарасқан жасампаз еліміздің Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сара да сарабдал саясатының арқасында дұрыс бағытпен жүріп келе жатқанын тағы бір мәрте айқын айғақтап берді. Ал осы күндердегі оқиғалардың тізбегі былайша сөйлейді. 14 ақпан Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің отырысы болды. Кеңес жұмысына Парламент депутаттары, респубикалық этномәдени бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері, Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-сараптамалық кеңесінің мүшелері, бұкаралық ақпарат қуралдарының өкілдері қатысты. Отырыста Ассамблея Төрағасының орынбасары Анатолий Башмаков сөз алып, Ассамблея атынан 2015 жылы кезектен тыс Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізу жөнінде бастама енгізді. Ол бұл ұсынысты Кеңес мүшелерінің бірауыздан қолдан отырғанын айту арқылы жеткізді. Жында Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі Ассамблеяның депутаттық тобына, саяси партияларға, мемлекеттік емес ұйымдарға және бұқіл Қазақстан халқына кезектен тыс Қазақстан Республикасы

Президентінің сайлауын өткізуге бастама көтеру туралы Үндеу қабылдады. Бастама көтерушілер мұны әлемде қазіргі таңда қалыптасып отырған экономикалық дағдарыспен және күрделі халықаралық жағдаймен байланыстыра отырып алға тартты. «Жаһандық сын-қатерлер кезеңінде еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстанды дағдарыстан алып шығуына мүмкіндік беретін жаңа сенім мандаты берілуі қажет, – делінген одан әрі. – Әлемде тұрақсыздық орын алған жаңа әрі күрделі кезеңде еліміз стратегиялық бағытынан айнымай, Қазақстанды жаңғырту және дүниежүзінің озық 30 елінің қатарына енүі үшін Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа сенім білдіру қажет». Кеңес мүшелері атап өткендей, әлемдік экономикалық дағдарыс кезінде біздің елімізде кезектен тыс сайлау өткізу «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасын тиімді жүзеге асыруға, «Қазақстан-2050» Стратегиясында көрсетілген елімізді дамытуға бағытталған бағдарламаларды дамытуға мүмкіндік береді. 19 ақпан Парламент Сенатының жалпы отырысында палата депутаттары Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы ұсынысын қарап, Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа Үндеу жолдады. «Күрметті Нұрсұлтан Эбішұлы! Парламент Сенаты Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы бастамасын толығымен қолдайды, – деді палата атынан Үндеуді оқыған Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев. – Уақыттың өзі талап етіп отырған бастама барша халықтың қызу қолдауына ие болды, қазақстандық қоғамда он пікірлер қалыптастырыды». «Халықаралық шиеленістің артып отырған жағдайында жаһандық экономикада дағдарыс құбылыстары күшіне түскен уақытта ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, Сіз айқындаған әлемнің озық 30 елінің қатарына енуді мақсат ететін «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді Стратегиясын, Мәңгілік Ел тұжырымдамасын, «Нұрлы Жол» бағдарламасын жүзеге асыруға жағымды ахуал қалыптастыру қажет, – деді ол сосын. – Сіздің дана әрі құшті көшбасшылығызызben Қазақстан өзінің дамуы мен қалыптасуына қатысты барлық қыншылықтарды лайықты еңсерді. Тәуелсіздік жылдары Сіздің саясатының нәтижесінде нарықтық экономикасы дамыған, халықаралық қауымдастық алдында беделді, қуатты мемлекет қалыптасты. Сондықтан да, қазақстандықтар барлық жетістіктерді Сіздің атыңызben байланыстырады». 25 ақпан Президент Нұрсұлтан Назарбаев елімізде кезектен тыс Президент сайлауын өткізу мәселесіне қатысты үндеу жариялады. Ол Мемлекет басшысы ел ішінде биыл кезектен тыс президенттік сайлау өткізу мәселесінің қызу талқыланып жатқанына тоқтала келіп, өзіне еліміздің түкпір-түкпірінен осы мазмұнда күніне жүздеген хаттардың келіп түсетінін жеткізді. «Бұл күндері менің атыма кәсіпорындардың еңбек ұжымдарынан, ардагерлерден, студенттерден, жасы және кәсібі әртүрлі адамдардан көптеген хаттар мен жеделхаттар түсіп жатыр. Мұның өзі біздің азаматтарымыздың өсе түскен саяси белсенділігі мен олардың ел тағдырына шынайы қамқорлығын білдіреді. Барлықтарыңызға осы үшін зор рахмет», – деп мәлімдеді Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Үндеуінде. Ал біздің азаматтарымыз үшін бүгін не нәрсе аса

маңызды? Біріншіден, Елбасына жолданған барлық үндеулерде ешқандай ішкі кикілжіңдер мен сыртқы жанжалдар біздің елімізге кесірін тигізбесін деген бұқілхалықтық аландаушылық байқалады. Адамдар бұл үшін тұрақтылық пен қоғамымыздың бірлігін нығайту қажет екенін түсінеді. Екіншіден, әлемдік экономикалық дағдарыс белен ала түскен кезеңде халықта ертеңгі күніне деген сенімділік керек. Бұл, ең алдымен, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, әлеуметтік төлемдердің, жалақының, стипендиялардың тұрақтылығы. Үшіншіден, жаһандық геосаяси қарама-қайшылықтар ушыға түскен жағдайда, біздің азаматтарымызды ұлттық қауіп-сіздікті қамтамасыз ету мәселесі аланнадады. Сондықтан қазақстандықтар тенденстірліген ішкі және сыртқы саясаттың әрі қарай жалғастырылғанын қалайды. «Мениң Мемлекет басшысы лауазымындағы конституциялық өкілеттілігімнің мерзімі 2016 жылы аяқталады, – деп осы ойды жалғай түседі Елбасы. – Осыған байланысты екі ұсыныс айтылуда. Бірінші – кезектен тыс ел Президентінің сайлауын өткізу. Екінші – Мемлекет басшысының өкілеттілігін ұзарту туралы референдум өткізу. Екі ұсынысты да жүзеге асыруға болады. Қөнілге қонымдысы, Конституция талаптарына жауап беретіні сайлау өткізу болып табылады. Сондықтан халықтың мүддесіне орай, оның өтінішін, жалпыға ортақ ерік-жігерін есепке ала отырып, Негізгі Занды бұлжытпай сақтау үшін мен Конституцияның 41-бабының 3.1 тармағына сәйкес шешім қабылдал, 2015 жылдың 26 сәуірінде кезектен тыс президенттік сайлау белгілеу туралы Жарлыққа қол қойдым». 11 наурыз Осы күні Астанадағы Тәуелсіздік сарайында «Нұр Отан» партиясының кезекті XVI съезі болып өтті. Онда Мемлекет басшысы, партия көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев кезектен тыс президенттік сайлауға катысатынын мәлімдеді. Президент алға қойған белгілі бір мақсатың жоқ болса, сайлауға катысадың қажеті жоқ екенін атап өтті. Президенттікке кандидат ретінде Нұрсұлтан Назарбаев Лингвистикалық комиссияға мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырды. Комиссия мүшелерінің баяндауларынша, ол жазба жұмысы барысында бірде-бір қате жібермеген. Комиссия төрағасы Мырзатай Жолдасбеков: «Жазба жұмысы Нұрсұлтан Назарбаев өзі тандаған конверт бойынша «Біздің күшіміз – бірлікте» деген тақырыпта болды. Бұл кісі Президент болғалы бері мемлекетіміздің туын тұғырлы етіп, елдің ынтымағын көтеріп келе жатқан адам. Сол ынтымақ-бірліктің арқасында Қазақстан 23 жылдың ішінде осындай дәрежеге жетті. Осының бәрін екі парақ қағазға өте кең, ауқымды, сыйымды етіп, тақырыпты өте әдемі аша білді. Қате жоқ. Кандидат осындай болу керек деп ойлаймын», – деді. 13 наурыз Бұл күні Қазақстан Республикасы президенттігіне кандидат – іс басындағы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың сайлауалды штабы құрылды. Оған бес партия кірді. Ал штаб жұмысын басқару Мемлекет басшысының бұрынғы кенесшісі Мұхтар Құл-Мұхаммедке тапсырылды. 30 наурыз Президенттікке кандидат Нұрсұлтан Назарбаевтың сайлауалды бағдарламасы «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес институттық реформа» деп аталды. Онда Елбасы өзінің 5 тармақтан тұратын жұмыс жоспарын ұсынды. Бағдарламаның «Қазақстандық ұлы жол» деп аталатын бірінші тарауында

еліміздің тәуелсіздік жылдарында жүріп өткен жолдарына қысқаша шолу жасалып, қол жеткізілген жетістіктердің жайы тарқатылып айтылады. Ал «Дәуірдің сын-қатерлері» деген атау алған келесі тарау арқылы қазіргі әлемнің жай-күйі, Қазақстанның ондағы алатын орны сарапталып көрсетіледі. Қазір Қазақстан экономика саласында тағы да сенімді жауап қайтара алды. «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты дер кезінде әзірленіп отыр. Ол, біріншіден, инфрақұрылымдық дамудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде әлемдік дағдарысқа қарсы тұру шараларынан, екіншіден, екінші бесжылдық шеңберінде индустрияландыру бағытын жалғастырудан құралады. Бағдарламаның «Бес институттық реформа» деп аталатын тарауы бүгінгі Қазақстанның алдында тұрған басты міндеттері атап көрсетіледі. Елбасы осы бес реформаны «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет», «Заңның үстемдігі», «Орнықты экономика», «Болашағы біртұтас ұлт» және «Ашық және халыққа есеп беруші мемлекет» деп аталатын тармақтар бойынша жіктеп береді. Және бұларды кезең-кезеңімен іске қосу керек екеніне қазық байлайды. 23 сәуір Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойына арналған XXII сессиясы болып өтті. Мерейтой жылында болған сессияның жұмысына 1500-ден астам адам қатысып отырды. Олардың арасында еліміздің барлық өнірлерінен келген Ассамблея мүшелері мен ардагерлері, респубикалық және өнірлік этномәдени бірлестіктердің төрағалары, Парламент депутаттары, мемлекеттік орталық атқару органдарының, саяси партиялардың, діни бірлестіктердің, ҮЕҰ мен ЖОО-лардың басшылары, шетелдік дипломатиялық миссиялар мен шығармашыл зиялды қауым өкілдері болды. Халықтың көңіл күйі көтеріңкі, көңіл-хошы ерекше екендігі үлкен залдың барлық бұрышынан көрініп тұрды. «Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын, – деп бастады сөзін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. – Біз биылғы жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияладық. Бұл – Ассамблеяның мерейін асыру арқылы нығая түсетін Ел бірлігі жылы. Тарихи жылда біз Қазақстан халқының мызғымас бірлігі мен Ұлы Отанға мәңгілік сүйіспеншілігін ұлықтай түсеміз». Сессия жұмысының қорытындысы бойынша Қазақстан халқына Үндеу қабылданды. Онда ҚХА XXII сессиясы Мемлекет басшысының «Мәңгілік Ел» идеясы, «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты сияқты көрнекті бастамаларын толығымен қолдайтындығы айтылды. Сондай-ақ, қазақстандық біртектілікті одан әрі нығайтып, тілдердің үштүгірлілігін дамытып, орта тапқа негізделген «Болашағы біртұтас ұлт» қана табысты мемлекеттің сенімді іргетасы болатыны атап өтілді. 24 сәуір Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Конституция кепілі ретінде жалпыға ортақ сайлау құқығын жүзеге асыру туралы Қазақстан азаматтарына Үндеу жариялады. Бұқілхалықтық сайлау – біздің Конституциямызда, арнайы заңымызда көрініс тапқан аса маңызды саяси іс-шара. Сайлау арқылы азаматтарымыз, біріншіден, өзінің конституциялық құқығын жүзеге асырады,

екіншіден, ел басқару ісіне тікелей қатысады. Әрбір азамат өзіне ұнайтын, саясатын түсінетін, халықты алға бастай алады деп сенетін кандидатқа дауыс береді. Бұл – әлемдік қауымдастық өкілдерінің назарын аударатын ел өміріндегі елеулі оқиға. Сайлауды байқау үшін елімізге 1 мыңнан астам байқаушы, 200-ге жуық шетелдік ақпарат құралдарының өкілдері келеді. Олардың алдында біз ынтымағымызды көрсетуіміз керек. Халық неғұрлым белсене қатысатын болса, соғұрлым еліміздің бірлігі нығаяды, болашаққа деген сенімі беки түседі. «Баршаңызды сайлауға қатысып, дауыс беруге шақырамын», – деп атап өтті Елбасы.



Қазақстанның іс басындағы Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан президентінің кезектен тыс сайлауында айтарлықтай басымдықпен жеңіске жеткені алдын ала белгілі болды. «Бұған сайлау участекерінде жүргізілген сауалдама барысы айғақ болып отыр», – делінген хабарламада. «Демократия институты» ғылыми-зерттеу ассоциациясы қоғамдық бірлестігі жүргізген exit-poll нәтижелері бойынша, Нұрсұлтан Назарбаев үшін сайлау участекеріне келген сайлаушылардың 97,5 пайызы дауыс берген. Сайлаудағы екінші кандидат – Қазақстан халықтық коммунистік партиясының өкілі Тұрғын Сыздықов 1,87 пайыз дауыс алған. Үшінші кандидат – өзін өзі ұсынушы, Қазақстан Кәсіподағы федерациясының төрағасы Әбілғазы Құсайынов үшін электораттың 0,63 пайызы өз дауыстарын берген. exit-poll осындағы нәтижелер көрсетті. Қазақстан Президенті сайлауын 37 елден 200-ден астам шетелдік журналисттер жазып көрсетті. 27 сәуір Бас прокуратура сайлау туралы қорытынды мәлімдеме жариялады. Онда сайлау науқанында сайлау процесінің барлық қатысушыларының заңнама талаптарын және азаматтардың конституциялық құқықтарын мұлтіксіз сақтау мәселелері прокуратура органдары үшін жұмыстың басты басымдылығы болғаны атап көрсетілді. Жүргізілген қадағалау іс-шаралары кезінде сайлау комиссиялары немесе мемлекеттік органдар тараپынан қандай да бір бұзушылықтар анықталған жоқ. Сайлау науқанында прокуратура органдарына сайлаумен байланысты небәрі 4 өтініш түсті, олардың 3-үі заңнаманы бұзу фактілері туралы ақпарат немесе шағымдарды қамтымаған. «Сайлау күні қандай да бір елеулі бұзушылықтарсыз, тыныш жағдайда өткенін атап өтеміз. Дауыс беру күні

қарсаңындағы кезеңде тек қана сайлау алдындағы үгітті өткізу, сондай-ақ, қоғамдық пікірге сұрау салу нәтижелерін жариялау шарттарының жекелеген бұзушылықтары тіркелген, олар бойынша алдын алу сипатындағы шарапар қолданылды», – делінген мәлімдемеде. Ал Орталық сайлау комиссиясының отырысында Қазақстан Президенті сайлауында Нұрсұлтан Назарбаевтың жеңімпаз атанғаны ресми турде жарияланды. Сайлаушылардың 97,75 пайызы Назарбаевтың кандидатурасын жақтап дауыс берген. «Сайлауда барлық дауыс берушілердің 95,21 пайызы өз тандауын жасады. Олардың дауыстары төмендегідей бөлінді: Әбілгазы Құсайыновқа – 57 718 немесе 0,64%, Нұрсұлтан Назарбаевқа – 8 833 250 немесе 97,75%, Тұрғын Сыздықовқа – 145 765 немесе 1,61% сайлаушы дауыс берген. Облыстардан және Алматы мен Астана қалаларынан алынған нәтижелер негізінде Орталық сайлау комиссиясы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Президенті болып саналсын деп қаулы етеді», – деді Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Куандық Тұрғанқұлов. 29 сәуір Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Президенті болып сайланған Нұрсұлтан Назарбаевты ұлықтау рәсімі өтті. Іс-шара Мемлекеттік Ту мен Президент Байрағының, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының Тәуелсіздік сарайының Үлкен залына салтанатты жағдайда әкелінуінен басталды. Мемлекет басшысының кортежі «Ақорда» резиденциясынан Тәуелсіздік сарайының басқы есігінің алдына келді. Осы жерде жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Президентіне Мемлекеттік құзет қызметінің бастығы А.Күрәнбеков рапорт берді. Нұрсұлтан Назарбаев артиллериялық от-шашу болып жатқан кезде Тәуелсіздік сарайына кірді. Тәуелсіздік сарайының Үлкен залында Конституциялық Кеңес төрағасы И.Рогов Конституцияның 42-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Президенті халыққа ант берген сәттен бастап лауазымына кірісетінін мәлімдеді. Нұрсұлтан Назарбаев оң қолын Конституцияға қойып: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сактауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін!», – деп мемлекеттік тілде ант қабылдады. Содан кейін Елбасы Мемлекеттік туды сүйді. Мемлекеттік гимні орындау барысында 21 рет зенбіректерден оқ атылды. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Куандық Тұрғанқұлов Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің күәлігін тапсырды. Мемлекет басшысы ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде Президент сайлауы қоғам бірлігінің қуатын паш еткеніне тоқталды. Қазақстан Республикасы Орталық Сайлау комиссиясының мәліметі бойынша, дауыс беруге 9 090 920 адам немесе сайлаушылардың 95,21 пайызы қатысқан. Нұрсұлтан Назарбаев сайлаушылардың 8 833 250 даусына ие болды, бұл дауыс беру рәсіміне қатысқан сайлаушылар даусының 97,75 пайызын құрайды. Сайлау Қазақстан халқының өз көшбасшысының төңірегіне бұрынғыдан да жақын топтаса түскенін айғақты түрде анық көрсетіп берді.